

Ата-аналарға (оқушылардың заңды өкілдеріне) арналған жадынама

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсыныстарына сәйкес қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу үдерісін ұйымдастыруды іске асыруда. Осыған орай, оқыту үдерісінің әрбір қатысушысы оқушылардың оқу бағдарламасын нақты және тиімді жолдармен меңгеруіне, олардың оқуға деген қызығушылықтарына қолдау көрсету мен денсаулығын сақтауға қатысты бірқатар талаптар мен ережелерді сақтауы қажет.

Осы үдерісті табысты ұйымдастыру мақсатында қашықтықтан оқыту жағдайында жауапты роль ата-аналарға (олардың заңды өкілдеріне) жүктеледі. Өйткені оқушылардың ата-аналары үйде оқушының білім алуына (материалдық-техникалық, психологиялық, әлеуметтік) жағдай жасайды. Сондықтан әр ата-анаға төмендегі ақпараттарды біліп отыру керек:

- жұмыс кестесімен, ТВ-сабақтар мен мұғалімдердің онлайн сабақтарының кестесімен, байланыстың әр түрлі түрлерінің көмегімен оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылу деңгейімен танысып отыру керек;
- оқушылардың үй тапсырмаларын орындауын бақылап отыру керек;
- қажет болған жағдайда пән мұғалімдерімен байланыста болу, жүйелі түрде сынып жетекшісімен өзара әрекеттестікте болу керек;
- оқыту барысында техникалық мәселелер немесе баланың ауырып қалуына байланысты мәселелер туындаған жағдайда байланыстың кез келген түрімен (телефонмен, мессенджерлер және т.б жолдармен) сынып жетекшісін хабардар ету керек;
- оқушының жаңа материалды оқып меңгеруі және\немесе үй тапсырмасын орындауы барысында мүмкіндігінше қолдап, көмек көрсетіп отыру керек. Оқушының білім алуы мен үй тапсырмасын орындауын бақылап отыру өте маңызды;
- оқылған материалды меңгеру немесе жаңа материалды оқып меңгеру барысында оқушыда қиындық туындаған жағдайда электронды байланыс құралдары немесе мессенджерлер арқылы материалды меңгертуге бағытталған жеке жұмыстар немесе кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты пән мұғалімдерімен (пән мұғалімі белгілеген уақытта) байланысқа шыға алады;
- оқушылар орындаған жұмыстарын пән мұғалімі атап көрсеткен уақыт ішінде орындап және мұғалім ұсынған форматта (Word, PDF форматындағы файл немесе сурет түрінде, сол сияқты кез келген басқа да форматта) тапсыруы керек. Мұғалім өз кезегінде орындалған жұмыстарды тексереді, оқушының оқу материалын меңгеру деңгейін бағалау және одан әрі білім алуын жоспарлау мақсатында кері байланыс береді;
- оқушылардың берілген тапсырмаларды орындауы білім берудің қашықтықтан оқыту формасының міндетті талаптарының бірі екендігін, сонымен қатар қашықтықтан оқыту барысында білім беру үдерісін табысты ұйымдастыру үшін мұғалім, оқушы, сынып жетекшісі мен ата-ана арасында өзара әрекеттестікті іске асыру жолдарының көп екендігіне есіңізге саламыз.

Құрметті ата-аналар!

Гимназия әкімшілігі:

- қандай да бір мәселе туындаған жағдайда аталған мәселені шұғыл түрде шешу үшін сынып жетекшісін, директордың орынбасарларын хабардар етулеріңізді өтінеді;
- оқушының қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды орындауын, санитарлық ережелер мен нормаларды сақтауын, компьютермен жұмыс жасау ережелерін орындауын, гигиеналық талаптар мен бөлмені желдету тәртібін дұрыс іске асыруын бақылауды өтінеді

Балаларымыздың денсаулығы – біздің басты құндылығымыз!

